

Жарма ауданында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Абай облысы Жарма аудандық мәслихатының 2025 жылғы 27 қарашадағы № 31/524-VIII шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 2- тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 726-бабына сәйкес, Жарма ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жарма ауданында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Жарма аудандық мәслихатының төрағасы

М. Оспанбаев